Алтынсарин аудандық газеті

Алтынсаринская районнная газета

# ТАЗА БҰЛАҚ
# ЧИСТЫЙ РОДНИК

№2 (838) 15 ЯНВАРЯ ҚАҢТАР 2021

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ ПРИ ПОДДРЕЖКИ АКИМА РАЙОНА

## ВЫСТУПЛЕНИЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА НА ОТКРЫТИИ ПЕРВОЙ СЕССИИ ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН VII СОЗЫВА



**Құрметті отырысқа қатысушылар!**

Қазақстан Конституциясының 59- бабына сәйкес жетінші шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

**Құрметті депутаттар!**

Баршаңызды сайлаудың аяқталуымен құттықтаймын және жаңа құрамдағы Мәжіліс депутаттарына табыс тілеймін!

Өткен шақырылымның депутаттарына ойдағыдай қызмет атқарғаны үшін ризашылығымды білдіремін.

Бес жылға жуық уақытта Парламент қабырғасында 410 заң қабылданды.

Депутаттар өздерінің заңға бастамашылық ету құқығын пайдаланып, 60-қа жуық заң жобасын дайындады.

Бұл – осыған дейінгі бес шақырылым депутаттарының бастамаларын қоса алғаннан да көп.

Жаңа депутаттар алдыңғы әріптестерінің осы қарқынын сақтай отырып, анағұрлым жемісті жұмыс істеуі қажет.

Себебі, бәрімізді зор міндеттер мен ауқымды істер күтіп тұр.

Құрамы жаңғырған жаңа Мәжілістің қызметке кірісуі еліміз үшін символдық мәні бар екі оқиғамен тұспа-тұс келеді.

Біз қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі межесіне қадам бастық.

Сондай-ақ, қазіргі заманғы Қазақстан парламентаризмі ширек ғасырлық белеске жетті.

Осы тарихи кезеңде сенім мандатына ие болған депутаттар ел үмітін ақтап, Отанымызға адал қызмет етеді деп кәміл сенемін.

**Қадірлі қауым!**

Өткен сайлау еліміз үшін дамудың жаңа парағын ашты.

Осы маңызды оқиға мемлекеттілігіміздің тұғыры берік екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қазақстан қоғамының жоғары саяси мәдениетін және азаматтық кемелдігін танытты.

Барлық өңірдегі дауыс беру нәтижесі мемлекеттің стратегиялық бағдарын халқымыз жаппай қолдайтынын байқатты.

Біз болашаққа сеніммен бет алу үшін қажетті алғышарттарды бірге жасадық.

Саяси ұстанымдарымыз әртүрлі болса да, міндетіміз – бір.

Бәріміздің ортақ мақсатымыз – Қазақстанды қуатты елге айналдыру.

Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттардың көппартиялы жаңа құрамы қоғамдағы саяси бәсекенің арта түскенін көрсетті.

Елбасы жетекшілік ететін "Nur Otan" партиясы өзінің көшбасшылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Халықтың белгілі бір бөлігінің мүддесін көздейтін басқа да партиялар сенім мандатына ие болды.

Ел-жұртымыз егемендігіміздің төртінші онжылдығына қадам басар тұста бұрын болмаған жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр.

Біз ғана емес, күллі дүние жүзі мүлде жаңа дәуірге бет бұрды.

Өркениеттің даму жолы мен әлемдік құрылымның түп негізі түбегейлі өзгеріске ұшырауда.

Алдымызда сынақтар мен сынқатерлер аз болмайды.

Дегенмен, барлығымыздың ең басты міндетіміз – пандемияның салдарын еңсеру.

XXI ғасырдың жиырма бірінші жылы барша адамзат үшін бетбұрыс кезеңіне айналмақ.

Бұл жыл алдағы онжылдықтың басты бағдарын айқындайды.

Мұндай күрделі жағдайда уақыттан ұтылуға және бір сәтке де босаңсуға болмайды.

Жылдың басында сайлау өткізу арқылы қиындықтармен күресіп қана қоймай, жаңғыруға жол ашып, жаңа серпінге ие болдық.

Осы қарқынды сақтап, бағдарымыздан жаңылмау өте маңызды.

Сондықтан Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кешенді реформалар жүргізілетін болады.

Барлық күш-жігерімізді тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдыруымыз керек.

Басты басымдық – халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, әлауқатын арттыру.

Жұрт жасанды жетістіктерді емес, көзбен көріп, қолмен ұстайтын нақты нәтижені күтеді.

Халық экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың жемісті болғанын қалайды.

Біз осы мақсаттағы ауқымды жұмыстарға барлық белсенді азаматтарды тартамыз.

Олардың әрқайсысы ел тағдырына әсер ететін шешімдерді қабылдауға өздері тікелей қатысатынын білгені жөн.

Ортақ іске үлес қосып жатқанын сезінуі маңызды.

Мен ұсынған "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасының мәні осында.

Біз ұлттың жасампаздық әлеуетін пайдаланған жағдайда ғана алға басып, табысқа жете аламыз.

Реформаларды сапалы заңдар арқылы жүргізу – ұзақ мерзімді жетістікке жетудің басты шарты.

Мен жаңарған депутаттық корпус өзіне жүктелген бұл міндеттерді абыроймен атқарады деп сенемін.

**Құрметті депутаттар!**

Біздің стратегиялық бағдарымыз – айқын.

Мақсатымыз – озық дамыған елдердің қатарына қосылу.

Дамыған ел дегеніміз – ең алдымен, дені сау, білімді және бақуатты жұрт.

Сондықтан, мемлекеттің басты міндеті – азаматтарымыздың толыққанды дамуына, әлауқатының артуына және жайлы тұрмысына жағдай жасау.

Біз 2025 жылға қарай әрбір азаматүшінтиімдіинституционалдық және инфрақұрылымдық орта қалыптастырамыз.

Еліміздің ұзақ мерзімді дамуы Сабақтастық, Әділдік және Өрлеу қағидаттарына негізделеді.

Көздеген мақсатқа жету үшін барлық салаларда дәйекті өзгерістер жасаймыз.

*(жалғасы 4 бетте)*

## АУДАННЫҢ ЖАНАЛЫҚТАРЫ

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, Алтынсарин аудандық мәслихатының жетінші шақырылымының кезекті ұйымдастыру сессиясы 2021 жылғы 15 қаңтарда сағат 15.00-де шақырылады.

**Мекен-жайы**: Обаған ауылы, Ленина көшесі 4, аудандық әкімдік ғимараты, 2 қабат, отырыс залы.

**Негізгі мәселе:** жергілікті өкілетті органдарын сайлау қорытындылары туралы.

В соответствии со статьёй 10 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», очередная организационная сессия Алтынсаринского районного маслихата седьмого созыва созывается 15 января 2021 года в 15.00 часов.

**По адресу**: село Убаганское, ул. Ленина, 4, здание районного акимата, 2 этаж, зал заседаний.

**Основной вопрос**: об итогах выборов в местные представительные органы.

***

**Құрметті аудан тұрғындары!**

Ұлттық Банкінің Қостанай филиалы төрт жыл ішінде – 2016 жылғы 4 қазаннан бастап 2020 жылғы 5 қазанға дейін Қазақстан Ұлттық Банкі 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000, 5000, 10000 теңгелік банкноттарды қабылдап, айырбастағанын хабарлайды.

Алайда, айырбастау мерзімі аяқталғаннан кейін, соңғы айларда Ұлттық Банктің филиалына азаматтардың бірнеше ондаған өтініштері келіп түсті, әдетте, бұл зейнеткерлік жастағы қарт адамдар, олар қандай да бір себептермен ескі банкноттарды уақытында айырбастауға үлгермеген.

Мұндай жағдай барлық жерде байқалды, осыған байланысты Қазақстан Ұлттық Банкі 2006 жылғы үлгідегі номиналы 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттарды қабылдау және ауыстыру мерзімін **2021 жылғы 1 ақпанға** дейін ұзарту туралы шешім қабылдады. **2021 жылдың 1 ақпанынан** кейін бұл банкноттарды ауыстыру мүмкін болмайды.

**«Алтынсарин ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» ММ**

# ПРЕЗИДЕНТ

## ТОКАЕВ ОТВЕТИЛ ПАРЛАМЕНТСКОЙ ОППОЗИЦИИ

Касым-Жомарт Токаев прокомментировал воздержание двух партий, представляющих парламентскую оппозицию, от голосования за кандидатуру Аскара Мамина на пост премьера:

«Было интересное обсуждение, обсуждение прошло открыто прозрачно, выражаю за это признательность. «Ак жол» и НПК воздержались, воздержание не значит отсутствие поддержки предложения главы государства. Воздержание - это позиция, которая не противоречит высказанному главой государства. Воздержание это голосование не против, а всего навсего воздержание. Будем исходить из этого. Поздравляю Мамина, это очень большая ответственность, желаю успеха на новой работе».

Накануне «Ак жол» и Народная партия Казахстана вошли в парламентскую оппозицию.

## НОВЫЕ ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА ПРИНЕСЛИ ПРИСЯГУ

«Клянусь верно служить народу Казахстана. Укреплять целостность и независимость Республики Казахстан. Строго подчиняться ее Конституции и законам. Добросовестно выполнять возложенные на меня высокие обязанности депутата, - озвучили депутаты на первом пленарном заседании.

14 января Центральная избирательная комиссия зарегистрировала депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан VII созыва,новым мажилисменам вручили удостоверения и нагрудные знаки депутатов.

*10 января в Казахстане прошли выборы в Мажилис Парламента и маслихаты. По итогам голосования в Мажилис прошли три партии - Nur Otan, Демократическая партия Казахстана «Ак жол» и «Народная партия Казахстана». Также в состав депутатов Мажилиса вошли девять человек от Ассамблеи народа Казахстана.Из 107 депутатов, вошедших в Мажилис, 70% - новые.*

## МИССИЯ ОБСЕ ПРИЗНАЛА ВЫБОРЫ В КАЗАХСТАНЕ

Миссия Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе по наблюдению за выборами в Мажилис и маслихаты в Казахстане признала выборы состоявшимися. Об этом сообщил на брифинге специальный координатор и руководитель краткосрочной миссии наблюдателей ОБСЕ Кристиан Вигенин, передает корреспондент zakon.kz.

Мы не смогли охватить многие участки и процедуры по всей стране, но наши наблюдения и анализ сфокусировались на выборном процессе. Наше первичное заключение является следующим: 10 января парламентские выборы в Казахстане, им не хватало истинной конкуренции и подчеркнули необходимость политических реформ. Они были технически подготовлены эффективно, несмотря на вызовы, которые связаны с пандемией, - сказал Вигенин.

По его словам, участие в выборном процессе принимали пять партий, кандидаты смогли спокойно бороться.

Хотел бы поприветствовать эффективное администрирование выборов, несмотря на серьезные меры по предотвращению COVID, которые были внедрены на участках и процедуре голосования, - указал он.

Вместе с этим иностранный гость добавил, что у Казахстана в выборном процессе есть еще моменты, которые требует совершенствования. В связи с этим международная организация готова дать свои рекомендации по улучшению будущих избирательных процессов в Казахстане.

Предварительное заявление, которое мы сегодня представляем, включает предварительные выводы, и заключение в отношении нашей оценки данного выборного процесса. Сейчас миссия останется в стране и будет более детально работать со всеми заинтересованными сторонами, собеседниками. Мы подготовим окончательный отчет, куда войдет комплексная оценка выборов, а также она включит рекомендации, которые будут направлены на совершенствование будущих избирательных процессов в Казахстане. Этот окончательный отчет будет опубликован через восемь недель. И он будет представлен властям Казахстана, - заключил руководитель миссии.

В целом, миссия ОБСЕ по наблюдению за выборами в Мажилис и маслихаты посетила в день выборов более 90 избирательных участков в 13 из 17 регионов Казахстана.10 января в Казахстане состоялись выборы депутатов Мажилиса и маслихатов. Явка избирателей по стране составила более 63%

## В КАЗАХСТАНЕ УСТАНОВИЛИ КВОТЫ НА ПРИВЛЕЧЕНИЕ ИНОСТРАННЫХ РАБОТНИКОВ

Министр труда и социальной защиты населения РК подписал приказ от 31 декабря 2020 года «О распределении квоты».»Распределить квоту на привлечение иностранной рабочей силы для осуществления трудовой деятельности на территории Республики Казахстан на 2021 год между областями, городами республиканского значения, столицы:

- по категориям иностранных и сезонных работников согласно приложению 1 к настоящему приказу;
- на привлечение трудовых иммигрантов согласно приложению 2 к настоящему приказу», - говорится в документе.

Квоты распределены в следующем процентном отношении к численности рабочей силы:

- по разрешениям, выдаваемым местным исполнительным органом работодателю в размере 0,31%;
- на привлечение трудовых иммигрантов в размере 2,7%.

Всего квот по регионам на привлечение иностранных, в том числе сезонных работников, - 28 305, на привлечение трудовых иммигрантов – 255 тысяч..Приказ вводится в действие с 19 января 2021 года.

## ТОКАЕВ ПОЗДРАВИЛ ЖАПАРОВА С ПОБЕДОЙ НА ВЫБОРАХ

Состоялся телефонный разговор Главы государства с вновь избранным Президентом Кыргызской Республики Садыром Жапаровым.Касым-Жомарт Токаев пригласил Садыра Жапарова посетить Казахстан с официальным визитом. Кыргызский руководитель принял приглашение.

## АЛТЫНСАРИН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМЫНДАҒЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ХАБАРЛАМА

**2021 жылғы 10 қаңтарда бірыңғай сайлау округі аумақтары бойынша Алтынсарин аудандық мәслихаты депутаттарының кезекті сайлауы өтті.**

Аудан бойынша сайлаушылар тізіміне 9162 азамат енгізілді, соның ішінде 6423 сайлау бюллетенін алды немесе 70,10 %.

Дауыс беруге 6408 адам қатысты, соның ішінде есептен шығару куәлігі бойынша дауыс беруге 11 сайлаушы, үй – жайдан тыс жерде дауыс беруге 110 сайлаушы.

Сайлауға 4 саяси партия қатысты.

Дауыс беру кезеңінде саяси партияларды қолдап дауыс бергендер саны:

«Nur Otan» партиясы» - 4934 дауыс беруші немесе 78,17% дауыс беруге қатысқан;

«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы»- 640 дауыс беруші немесе 10,14% дауыс беруге қатысқан;

«Ак жол» Қазақстанның демократиялық партиясы»- 644 дауыс беруші немесе 10,20 % дауыс беруге қатысқан;

«ADAL» саяси партиясы» - 94 дауыс беруші немесе 1,49 % дауыс беруге қатысқан.

Дауыс беруге қатысқандардың ішінде сайлаушылардың 7 және одан жоғары пайыз дауысын жинаған саяси партиялар үшін депутаттық мандаттар бөлініп орналастырылсын:

«NurOtan» партиясы» - 8;

«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы»- 1;

«Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы -1.

**Алтынсарин**
**аудандық аумақтық**
**сайлау комиссиясы**

## СООБЩЕНИЕ ОБ ИТОГАХ ОЧЕРЕДНЫХ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ АЛТЫНСАРИНСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА СЕДЬМОГО СОЗЫВА

**10 января 2021 года состоялись очередные выборы депутатов Алтынсаринского районного маслихата, по территории единого избирательного округа.**

В списки избирателей по району были внесены 9162 гражданин, из них получили избирательные бюллетени 6423 человек или 70,10 %.

В голосовании приняли участие 6408 человека, из них по открепительным удостоверениям проголосовали 11_избирателей, вне помещений для голосования проголосовало 110 избирателя.

В выборах принимали участие 4 политических партий.

При голосовании за политические партии подано следующее количество голосов:

Партия «Nur Otan» - 4934 голосов или 78,17 % голосов избирателей, принявших участие в голосовании;

Народно-демократическая патриотическая партия «Ауыл» - 640 голосов или 10,14 % голосов избирателей, принявших участие в голосовании;

Демократическая Партия Казахстана «Ак жол» - 644 голоса или 10,20 % голосов избирателей, принявших участие в голосовании;

Политическая Партия «ADAL» - 94 голосов или 1,49 % голосов избирателей, принявших участие в голосовании.

Установлено следующее распределение депутатских мандатов для политических партий, получивших семь и более процентов голосов избирателей от числа принявших участие в голосовании:

Партия «Nur Otan» - 8;

Демократическая Партия Казахстана «Ак жол» - 1;

Народно-демократическая патриотическая партия «Ауыл» -1.

**Территориальная**
**избирательная комиссия**
**Алтынсаринского района**

## КОМУ И СКОЛЬКО ПЛАТИТЬ ЗА ОСМС В 2021 ГОДУ?

БжЗк

Проверьте свой статус застрахованности удобным способом:

Сайт Фонда социального медицинского страхования fms.kz (всплывающее окошко в правом нижнем углу)

Сайт электронного правительства egov.kz (в Личном кабинете и в разделе «Здравоохранение»)

Saqtandyru-bot в Telegram (в главном меню «Определить статус застрахованности»)

Мобильное приложение Qoldau 24/7 (в главном меню «Определить статус застрахованности»)

**Сколько платить за ОСМС?**

**Если вы не застрахованы, определите размер ежемесячного платежа на ОСМС, исходя из категории плательщика:**

15 льготных категорий граждан – взносы оплачивает государство.

Наемный работник – оплату производит бухгалтерия работодателя. 2% оплачивает работодатель за свой счет, и **2% удерживается из з/платы работника** (для сравнения, в 2020 году – 1%). При этом максимально возможный платеж 8500 тенге (то есть 2% от 10 МЗП, 425 000 х 2% = 8 500).

ИП, владельцы КХ, лица, занимающиеся частной практикой – 5% от 1,4 МЗП (МЗП в 2021 году составляет 42 500 тенге, как и в 2020 году, поэтому размер платежа остается прежним – **2975 тенге** в 2021 году).

Самозанятый (лица, оказывающие услуги без наемных работников и регистрации ИП)/ плательщики **ЕСП** – 1 МРП (**2917 тенге** на 01.01.2021 г.) **для городов республиканского и областного значения, для других населенных пунктов – 0,5 МРП (1459 тенге** на 01.01.2021 г.).

Самостоятельный плательщик – 5% от 1 МЗП (**2125 тенге** в 2021 году, так как размер МЗП не изменился).

Физические лица, работающие по договору ГПХ – **2% от дохода** (в 2020 году удерживался 1%), при этом максимально возможный платеж 8500 тенге (то есть 2% от 10 МЗП, 425 000 х 2% = 8 500).

**Где платить за ОСМС?**

**Оплатить взносы и стать застрахованным можно через:**

- банки второго уровня и их интернет-сервисы;
- мобильное приложение Kaspi.kz;
- отделения АО «Казпочта»;
- терминалы оплаты (Qiwi, Kassa24 и др.)
-терминалы моментальной оплаты в медорганизациях.

## ОЧС ИНФОРМИРУЕТ

**Зима характеризуется сильными морозами, буранами, метелями. В результате резкого понижения температуры воздуха, сопровождаемого сильными снегопадами и штормовым ветром, буранами и метелями на территории страны нередко возникают сильные заносы на автомобильных дорогах.**

В зимний период основными причинами чрезвычайных ситуаций является несоблюдение требований безопасности на льду во время рыбной ловли, переезде на автомобиле по тонкому льду и оставление детей без присмотра взрослых.

ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ ЗИМОЙ

• Старайтесь следить за изменениями погоды, прослушивая метеорологические сводки или наблюдая окружающую природу;

• Не пренебрегайте лишней одеждой;

• Не путешествуйте по незнакомой местности, всегда будьте готовы к тому, что погода ухудшится, а дорогу занесет;

• В холодную погоду, особенно при сильном ветре, постоянно контролируйте своё состояние, не допуская общего или местного переохлаждений;

• Согревайте замерзшие конечности всеми доступными способами - растиранием, обогревом на теле, широкими махами.

ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ НА ЛЬДУ:

-ни в коем случае нельзя выходить на лед в темное время суток и плохой видимости,не приближайтесь к промоинам, трещинам и прорубям на льду,убедительная просьба родителям: не отпускайте детей на лед (на рыбалку, катание на лыжах и коньках ) без присмотра,не выезжайте на лед на мотоциклах, автомобилях вне переправ,при переходе водоема группой необходимо соблюдать расстояние друг от друга 5-6 метров,одно из самых частых причин трагедии на водоемах – алкогольное опьянение!

## ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН АЛТЫНСАРИН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР

**Жетінші шақырылған Алтынсарин аудандық мәслихатының депутаттарының кезекті сайлауының қорытындылары бойынша келесі депутаттар тіркелді:**

1)«Ақ жол» Демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігінен партиялық тізімі бойынша:

1.Селезнева Татьяна Алексеевна, 1990 жылы туған, «Селезнева Т.А.» ЖК жеке кәсіпкер, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Силантьев ауылында тұрады.

2)«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінен партиялық тізімі бойынша:

1.Мякишев Руслан Базарбаевич, 1982 жылы туған, «Руслан» ЖК жеке кәсіпкер, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Обаған ауылында тұрады.

3)«Nur Otan» партиясы» қоғамдық бірлестігінен партиялық тізімі бойынша:

1.Аубакиров Дидар Абилбекович, 1966 жылы туған, «Сосновый бор» Санаториясы» ЖШС бас директоры, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Щербаков ауылында тұрады.

2. Есмуханов Бағытжан Маденович, 1961 жылы туған, Алтынсарин аудандық мәслихатының хатшысы, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Силантьев ауылында тұрады.

3.Зверева Ксения Сергеевна, 1981 жылы туған, Қостанай облыстық кәсіпкерлер Палатасының Алтынсарин аудандық филиалының директоры, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылында тұрады.

4.Капиятов Талгат Кабжалелович, 1991 жылы туған, «Балалар шығармашылық үйі» КММ директоры, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылында тұрады.

5. Кежикеев Куандык Ауезханович, 1986 жылы туған, «Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі Сатай негізгі мектебі» КММ басшысы, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Сатай ауылында тұрады.

6.Лингер Алена Викторовна, 1976 жылы туған, «Алтынсарин ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі Большая Чураковка орта мектебі» КММ басшысы, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Большая Чураковка ауылында тұрады.

7.Мусапирова Светлана Сагындыковна, 1969 жылы туған, «Nu Otan» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Алтынсарин аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Обаған ауылында тұрады.

8.Уразбаева Айман Кабдуловна, 1966 жылы туған, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы аудандық Орталық емханасының бас дәрігері, Қостанай облысы Алтынсарин ауданы Силантьев ауылында тұрады.

**Алтынсарин аудандық сайлау комиссиясы**

## СООБЩЕНИЕ О РЕГИСТРАЦИИ ДЕПУТАТОВ АЛТЫНСАРИНСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА СЕДЬМОГО СОЗЫВА

**По итогам очередных выборов депутатов Алтынсаринского районного маслихата седьмого созыва зарегистрированы следующие депутаты:**

1)по партийному списку от общественного объединения Демократической партии «Ак жол»:

1.Селезнева Татьяна Алексеевна, 1990 года рождения, индивидуальный предприниматель ИП «Селезнева Т.А.», проживающая в селе Силантьевка Алтынсаринского района Костанайской области.

2)по партийному списку от общественного объединения Народно-демократической патриотической партии «Ауыл»:

1.Мякишев Руслан Базарбаевич, 1982 года рождения, индивидуальный предприниматель ИП «Руслан», проживающий в селе Убаганское Алтынсаринского района Костанайской области.

3) по партийному списку от общественного объединения «Партия «Nur Otan»:

1.Аубакиров Дидар Абилбекович, 1966 года рождения, генеральный директор ТОО "Санатории "Сосновый бор", проживающий в селе Щербаково Алтынсаринского района Костанайской области.

2.Есмуханов Багытжан Маденович, 1961 года рождения, секретарь Алтынсаринского районного маслихата, проживающий в селе Силантьевка Алтынсаринского района Костанайской области.

3.Зверева Ксения Сергеевна, 1981 года рождения, директор филиала в Алтынсаринском районе Палаты предпринимателей Костанайской области, проживающая в селе Большая Чураковка Алтынсаринского района Костанайской области.

4.Капиятов Талгат Кабжалелович, 1991 года рождения, директор КГУ «Дом детского творчества», проживающий в селе Большая Чураковка Алтынсаринского района Костанайской области.

5.Кежикеев Куандык Ауезханович, 1986 года рождения, руководитель КГУ «Сатайская основная школа отдела образования акимата Алтынсаринского района», проживающий в селе Сатай Алтынсаринского района Костанайской области.

6.Лингер Алена Викторовна, 1976 года рождения, руководитель КГУ «Большечураковская средняя школа отдела образования акимата Алтынсаринского района», проживающая в селе Большая Чураковка Алтынсаринского района Костанайской области.

7.Мусапирова Светлана Сагындыковна, 1969 года рождения, первый заместитель председателя Алтынсаринского районного филиала ОО «Партия «Nur Otan», проживающая в селе Убаганское Алтынсаринского района Костанайской области.

8.Уразбаева Айман Кабдуловна, 1966 года рождения, главный врач Центральной районной больницы Алтынсаринского района Костанайской области, проживающая в селе Силантьевка Алтынсаринского района Костанайской области.

**Алтынсаринская районная избирательная комиссия**

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ РАЙОНА!

Костанайский филиал Национального Банка сообщает, что в течение четырех лет – с 4 октября 2016 года по 5 октября 2020 года Национальный Банк Казахстана производил прием и обмен банкнот номиналами **2000, 5000, 10000 тенге образца 2006 года**.



Однако, после завершения срока обмена, в течение последних месяцев в адрес филиала НацБанка поступило несколько десятков обращений граждан, как правило, это пожилые люди пенсионного возраста, которые по тем или иным причинам не успели вовремя обменять старые банкноты.



Такая ситуация наблюдалась повсеместно, в связи с чем, Национальный Банк Казахстана принял решение о продлении срока приема и замены банкнот номиналами 2000, 5000 и 10000 тенге образца 2006 года **до 1 февраля 2021 года**. После **1 февраля 2021 года** замена этих банкнот будет невозможна.

**ГУ «Отдел экономики и финансов акимата Алтынсаринского района»**

# НОВОСТИ ОБЛАСТИ

### ПРОРУБИ В ОБЩЕСТВЕННОМ МЕСТЕ НА КРЕЩЕНИЕ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ НЕ БУДЕТ

По словам замруководителя департамента Юрия Севостьянова, регион находится в «красной зоне» по эпидпоказаниям, поэтому массовые мероприятия запрещены. Поэтому рубить проруби в традиционных общественных местах не будут. Что касается частных баз отдыха с выходом к реке, то бизнесменам сделать прорубь для посетителей не воспрещается. Но при условии соблюдения санитарных норм. Можно прийти в храм, помолиться, набрать освященной воды – не запрещено.

– Купание в проруби – не церковная, а народная традиция, – поясняет отец Геннадий, помощник митрополита Казахстанского и Астанайского Александра. – Она не имеет никакого значения с духовной точки зрения. Поэтому Церковь в этом году, в связи с пандемией, призывает всех православных не выходить на крещенские купания. Торжественная литургия пройдет 18 января, в 23.00. Освящаться вода будет только в храмах.

### УВЕЛИЧИТЬ ПОКАЗАТЕЛИ ВВОДА ЖИЛЬЯ НА 10%: ТАКУЮ ЗАДАЧУ СТАВИТ АКИМ ОБЛАСТИ ПЕРЕД ЗАСТРОЙЩИКАМИ

Глава региона Архимед Мухамбетов провел совещание о ходе реализации жилищной политики в Костанайской области.В 2021 году перед местной властью и застройщиком стоит задача увеличить показатель ввода жилья на 10%, что составит 417,2 тыс.кв.м. жилья.

- На реализацию жилищной политики области из бюджета выделено 20,4 млрд. тенге.Вместе с тем, в первом квартале текущего года запланировано ввести в эксплуатацию 93,5 тыс. кв.м., в том числе многоэтажных жилых домов – 64,7 тыс. кв. м, - отметил Архимед Мухаметов.

В ходе совещания глава региона заслушал акимов городов Костаная, Рудного и Костанайского района, которые доложили в планах по жилищному строительству на 2021 год. Также аким заслушал и.о. директора филиала «Отбасы банк» по вопросу реализации кредитного жилья на территории области.

Аким Костанайской области Архимед Мухамбетов в декабре 2020 года вручил ключи новоселам дома в 4 микрорайоне Житикары.В 2020 году в рамках государственных программ, в Костанайской области введено в эксплуатацию 379,4 тыс. квадратных метров жилья – это более 3600 тысяч квартир. В рамках реализации ипотечных программ улучшили жилищные условия порядка 1873 малообеспеченных семей и нуждающихся очередников. Также большое внимание в улучшении жилищных условий было уделено многодетным семьям.

### В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ 13 ЯНВАРЯ ВЫЯВЛЕНО 74 СЛУЧАЯ COVID-19

Темп прироста заболеваемости за сутки составил – 0,9%Коронавирус в мире: повторное заражение тяжелее первого, ВОЗ против идеи группового иммунитета.

Заболевшие: 34 жителей г. Костанай, 17 – г. Рудный, 8 – г.Лисаковск, 6 – г.Житикары, по 3 случая среди жителей Костанайского, Денисовского, Мендыкаринского районов.61 обследованы по самообращению, 12 по контакту с подтвержденным случаем коронавирусной инфекции, 1 с профилактической целью, перед госпитализацией в стационар.Из числа инфицированных 53 с симптомами заболевания, 21 бессимптомные.Всего по Костанайской области с 3 апреля 2020г по 13 января 2021г зарегистрировано 8379 случаев COVID-19.

Количество выздоровевших больных - 7535.

### БОЛЕЕ 180 ЧЕЛОВЕК ПОЛУЧАТ НОВЫЕ РАБОЧИЕ МЕСТА БЛАГОДАРЯ СТРОИТЕЛЬСТВУ НОВОГО МЯСОПЕРЕРАБАТЫВАЮЩЕГО ЗАВОДА В КОСТАНАЕ

Мощность завода 20 тысяч тонн мяса в год. Его стоимость 5,1 млрд. тенге. Инициатором проекта выступил ТОО «BEEF EXPORT GROUP». «Важно отметить, что проект поддержан институтами развития бизнеса и реализуется в рамках программы «Экономика простых вещей», - отметил во время визита на завод аким области Архимед Мухамбетов.

# НОВОСТИ МИРА

### РОССИЯ ВЫХОДИТ ИЗ ДОГОВОРА ПО ОТКРЫТОМУ НЕБУ

Министерство иностранных дел России сообщило о запуске процедуры.В связи с отсутствием прогресса в деле устранения препятствий для продолжения функционирования договора в новых условиях МИД России уполномочен заявить о начале внутригосударственных процедур по выходу Российской Федерации из ДОН. Договор по открытому небу (ДОН) - многосторонний международный договор, разрешающий свободные полеты невооруженных разведывательных летательных аппаратов в воздушном пространстве стран-подписантов.Договор был подписан в 1992 году и стал одной из мер по укреплению доверия в Европе после холодной войны. Участниками ДОН являются 35 государств.

### ПУТИН ОБЪЯВИЛ О МАССОВОЙ ВАКЦИНАЦИИ ВСЕХ РОССИЯН

Президент России Владимир Путин призвал переходить к массовой вакцинации россиян от COVID-19 со следующей недели.Он распорядился подготовить соответствующую инфраструктуру.

Российская вакцина «Спутник V» уже одобрена к применению в России, Белоруссии, Сербии, Аргентине и Боливии. Алжир первым в Африке зарегистрировал российскую вакцину от COVID-19, а Палестина - первой на Ближнем Востоке. Ожидается, что до конца января вакцину одобрят еще в десяти странах, отмечает RT.

С начала эпидемии в России выявлено 3 425 269 случаев COVID-19, за все время от осложнений, развившихся на фоне коронавируса и сопутствующих заболеваний, скончались 62 273 человека. Выздоровели 2 800 675 пациентов.

# ВЫСТУПЛЕНИЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА НА ОТКРЫТИИ ПЕРВОЙ СЕССИИ ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН VII СОЗЫВА

*(басы 1 бетте)*

Ол үшін мынадай басымдықтарға мән беруіміз қажет.

БІРІНШІ. Біз құқықтық мемлекетті дамыту және азаматтардың билік органдарына сенімін нығайту үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.

Бұл – өте өзекті міндет.

Соған орай, Мемлекеттік басқарудың жаңа моделін енгізу айрықша маңызды.

Осы бағыттағы реформалар жүйені байыппен орталықсыздандыруды, мемлекеттік аппаратты жаңғыртуды, квазимемлекеттік секторды оңтайландыруды және барлық үдерісті цифрландыруды қамтиды.

Сол арқылы мемлекеттік аппарат барынша ықшам, ашық әрі тиімді, ал, шешім қабылдау үдерісі икемді және айқын болады.

Азаматтардың құқықтары лайықты қорғалмаса, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан даму мүмкін емес. Бұл – аксиома, ақиқат.

Осы орайда, сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайта түсу үшін реформаны соңына дейін жеткізуіміз керек.

Мемлекет тарапынан қолға алынған шараларға және Жоғарғы сот төрағасының тікелей өзі күш салып жатқанына қарамастан, сот корпусының сапасына қатысты әлі де түйткілдер бар.

Сот жүйесі жабық корпорация болмауға тиіс.

Сондықтан, сот корпусын едәуір жаңартып, оған түрлі құқық салаларының мамандарын тарту керек.

Үміткерлерді іріктеген кезде олардың кәсіби тәжірибесімен қатар, жеке қасиеттерін де ескерген абзал.

Бұл жұмыс бұқаралық ақпарат құралдарында ашық көрсетілуге тиіс.

Сондай-ақ, сот қызметі туралы ақпарат қоғам үшін неғұрлым қолжетімді болғаны жөн.

Құқық қорғау органдарының жұмысын да барынша өзгерту қажет.

Бұл мәселе жөнінде Жолдауымда нақты айттым.

Біз азаматтармен өзара қарым-қатынастың сервистік моделін енгіземіз.

Қоғамдық қауіпсіздік жаңа цифрлық технологияларды қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Парламент заң үстемдігі, адал бәсеке және жеке меншікті қорғау қағидаттарының құқықтық негізін нығайта түсуі керек.

Сонда бұл қағидаттар мүлтіксіз орындалатын болады.

Бүгінде бірқатар заңнамалық ұсыныстар бойынша жұмыс істеліп жатыр.

Дегенмен, әлі де көптеген тың бастама көтеріп, заңдар қабылдау қажет.

**ВТОРОЕ.** Ключевым инструментом создания сильного и инклюзивного общества является эффективная социальная политика.

Несмотря на значительный прогресс по многим показателям Индекса человеческого развития, Казахстан все же отстает от ведущих стран по этому показателю.

Высокое качество человеческого капитала – основа долгосрочной конкурентоспособности всех государств, включая Казахстан.

Мир движется в сторону "экономики знаний", это реальность.

Сегодня поколение Независимости по численности уже составляет половину всех граждан нашей страны.

Нынешние дети и молодежь будут определять рынок труда Казахстана к 2050 году. Именно от их конкурентоспособности зависит благополучие страны в будущем.



«МЫ ЗАПУСТИЛИ ВАЖНУЮ, МОЖНО СКАЗАТЬ, УНИКАЛЬНУЮ РЕФОРМУ – ВОЗМОЖНОСТЬ ЧАСТИЧНОГО ИЗЪЯТИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПЕНСИОННЫХ АКТИВОВ. КРОМЕ ТОГО, НЕОБХОДИМО ПРЕДОСТАВИТЬ ГРАЖДАНАМ ВОЗМОЖНОСТЬ УПРАВЛЯТЬ СВОИМИ НАКОПЛЕНИЯМИ ЧЕРЕЗ РАЗЛИЧНЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ».

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

Важно понимать, что статус "молодой нации" дает нам долгосрочные преимущества.

Но нужно правильно воспользоваться этими преимуществами, проводить последовательную работу по развитию человеческого капитала. Инвестиции в молодых людей, безусловно, многократно окупятся и принесут благо всему нашему государству.

В последнее время мы продвинулись в реформировании сферы образования.

Вместе с тем предстоит решить ряд накопившихся проблем.

Настоятельная задача – сократить разрыв в качестве образования между различными социальными группами и регионами.

На данном этапе развития требуется новая политика по переобучению и постоянному совершенствованию навыков работников.

В этих целях предстоит разработать и реализовать специальный национальный проект.

Особое значение имеет модернизация отечественного здравоохранения. В условиях пандемии актуальность этой проблемы стала очевидной.

Система здравоохранения должна ориентироваться на пациентов, ставить во главу угла их интересы, здоровье и жизнь.

Переход к такой модели возможен за счет персонификации, внедрения цифровых инструментов, расширения доступа людей к квалифицированной врачебной помощи.

В этой связи особую роль играет развитие превентивной медицины, основанной на профилактике и ранней диагностике заболеваний.

Здоровый образ жизни граждан – базовое условие формирования здоровой нации.

Поэтому следует уделить особое внимание массовому и детскому спорту, о чем я уже сказал в Послании. Хочу повторить – это приоритетная задача, имеющая стратегическое значение.

По моему поручению Правительство пересмотрело подходы к финансированию массового и детского спорта, он будет обеспечен значительно большими ресурсами для развития.

Эта задача должна быть на контроле депутатов Парламента.

Депутаты Парламента и маслихатов должны держать и другие упомянутые мной вопросы на постоянном контроле в центре и на местах.

Нам также предстоит перезагрузить политику по социальному обеспечению.

Приоритетом государства должна быть поддержка наиболее уязвимых граждан.

При этом нужно усилить адресность государственной помощи и соответствующие требования при ее получении.

Разрабатываемый Социальный кодекс даст комплексный ответ на актуальные вопросы этой важной сферы.

Еще один ключевой элемент социальной инфраструктуры – отечественная пенсионная система.

Она должна быть справедливой, устойчивой, отвечать интересам людей.

Мы запустили очень важную, можно сказать, уникальную реформу – возможность частичного изъятия и использования пенсионных активов.

Кроме того, необходимо предоставить гражданам возможность управлять своими накоплениями через различные инструменты.

Правительство и Национальный банк разрабатывают Концепцию дальнейшего развития пенсионной системы. Очевидно, что ее практическая реализация потребует качественного законодательного обеспечения.

В целом, ожидаю от новых членов Парламента активной работы по совершенствованию социальной политики.

**ТРЕТЬЕ.** Обеспечить благополучие граждан невозможно без поступательного роста национальной экономики.

Правительство должно продолжить контрцикличную макроэкономическую политику, направленную на поддержку экономической активности.

В рамках совершенствования фискальной политики предстоит провести ревизию Налогового кодекса с точки зрения его упрощения, стимулирования деловой активности и конкуренции.

Необходимо сфокусировать внимание на поддержке малого и среднего бизнеса.

Еще одна задача – создание благоприятных условий для ведения бизнеса.

Требуется разработать механизмы поддержки предпринимательства, основанные на принципиально новой регуляторной политике.

Я уже дал поручение перейти на регулирование с "чистого листа", которое значительно снизит издержки по открытию и ведению бизнеса. Соответствующий Указ мной подписан в конце 2020 года.

В соответствии с ним Правительством готовится важный законопроект, который будет внесен в Мажилис в июне 2021 года.

Прошу депутатов всесторонне рассмотреть данный законопроект с учетом пожеланий предпринимателей и общественных интересов.

Далее. Нам нужно уменьшить роль государства, как собственника и регулятора. Следует продолжить и завершить начатую ранее программу приватизации, пересмотреть миссию, роль и функции квазигосударственного сектора.

Учитывая динамичную трансформацию рынка труда, необходимо стимулировать переток рабочей силы из низкопродуктивных в более производительные сектора экономики.

Для этого требуется завершить первичную индустриализацию страны.

Как я говорил ранее, промышленность нашей страны должна быть гибкой и адаптивной к текущим изменениям.

Поэтому особую актуальность приобретает принятие закона "О промышленной политике".

Он не должен быть рамочным. В нем следует предусмотреть конкретные меры, действенные механизмы поддержки и стимулирования отечественного бизнеса.

Многие из депутатов нынешнего созыва имеют значительный практический опыт. Полагаю, что он будет в полной мере задействован при разработке этого законопроекта.

В целом, системные преобразования будут продолжены.

Мы их подробно обсудим на ближайшем заседании Высшего совета по реформам 29 января. Будут приняты решения по ключевым направлениям.

Планируется одобрить принципиально новую Систему государственного планирования, актуализированный Национальный план развития страны до 2025 года, а также новую концепцию государственного управления.

Учитывая масштабность и важность принимаемых документов, потребуется разработка соответствующей законодательной базы для их реализации.

В соответствии с моим поручением Правительству предстоит до конца первого полугодия обеспечить трансформацию госпрограмм в Национальные проекты.

Особо хотел бы отметить, что в рамках данной работы необходимо встроить в программные документы инициативы, высказанные в предвыборной платформе "Nur Otan".

Предложенные партией меры и подходы должны быть приняты в работу и реализованы.

Конструктивные предложения из программ других партий, прошедших в Парламент, также будут внимательно изучены Правительством.

**ТӨРТІНШІ**. Аумақ пен кеңістік тұрғысынан еліміздің теңгерімді дамуы.

Бұл ретте барлық өңірлерді біртұтас экономикалық кеңістік арқылы байланыстыратын аса маңызды салаларды дамытуға баса назар аударамыз.

Атап айтқанда – көліктік, энергетикалық және цифрлық инфрақұрылымдар.

(жалғасы 5 бетте)

# ВЫСТУПЛЕНИЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА НА ОТКРЫТИИ ПЕРВОЙ СЕССИИ ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН VII СОЗЫВА

*(басы 1 бетте)*

Біз басқарылатын урбанизацияны ескеріп, даму ошақтарын жүйелі ілгерілетуге күш саламыз.

Өңірлерді, қалаларды, аудандар мен ауылдарды өзара байланыстыратын инфрақұрылымды жақсартуға басымдық беріледі.

Жаңа стандарттарға сәйкес 3500-ден астам ауылды жаңғыртамыз.

Айналасындағы елді-мекендердің тірегі саналатын әрбір ауылға баратын жолдар мен республикалық маңызы бар күре жолдар 100 пайыз жөнделеді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды әрі қарай жетілдіру үшін бюджеттік рәсімдерді жеңілдетіп, өкілді және атқарушы органдардың дербестігін арттыру маңызды.

Осы орайда мен мәслихат депутаттарына мына мәселені баса айтқым келеді.

Сіздердің белсенді ұстанымдарыңыз сайлаушылардың мүддесін қорғайтын сапалы әрі салмақты шешімдер қабылдауға ықпал етуі керек.

Қолға алынған өзгерістердің жедел және табысты жүзеге асуы жергілікті жердегі жұмыстың тиімділігіне тікелей байланысты.

**БЕСІНШІ.** Қазақстандағы реформалардың басты бағытының бірі – саяси жаңғыру.

Осы жаңғырудың негізгі қағидаты – барлық өзгерістерді жалпыұлттық диалог пен мәмілеге сүйеніп, эволюциялық жолмен жасау.

Былтырғы саяси реформалардың бірінші бөлігі партияларға жаңа мүмкіндіктер ұсынып, еліміздің демократиялық дамуына серпін берді.

Өткен сайлау саяси бәсекені арттыруға оң ықпал етті.

Мәжіліс пен мәслихаттарға білікті, абыройлы адамдар келді.

Бұған партиялық тізімде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота белгілеу арқылы қол жеткіздік.

Мәслихат сайлауына пропорционалды жүйені енгізу партиялардың өңірлердегі белсенділігін арттырды.

Сондай-ақ, азаматтарды жергілікті жердегі саяси үдеріске барынша тартуға жағдай жасады.

Парламенттік оппозиция институты шағын саяси күштердің рөлін айтарлықтай күшейтеді.

Осылайша, еліміздегі көппартиялықты дамытуға және парламентаризмді нығайтуға едәуір серпін бердік.

Тағы бір маңызды қадам – ауыл әкімдерін сайлау.

Биыл жекелеген ауылдық округтерде сайлау өтеді.

Біз жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін ең төменнен бастап нығайтуды көздеп отырмыз.

Бұл – өте маңызды мәселе.

Сондықтан, алдағы уақытта ауыл әкімдерін сайлағаннан кейін аудан әкімдерін сайлауға көшуге болады.

Алайда, мұнымен де шектеліп қалмауымыз керек.

Саяси жүйені орнықтырып, шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың ықпал етуін күшейте түсу үшін тың серпін қажет.

Бұл бағытта реформалардың екінші бөлігін әзірлеу барысында ауқымды жұмыстар жасалды.

Онда барлық партиялардың, соның ішінде кеше Парламентке өтпей қалған саяси күштердің де ұсыныстары ескерілді және болашақта да назарымызда болады.

Ұлттық кеңес мүшелерінің және басқа да беделді сарапшылар мен белсенді азаматтардың идеялары, бастамалары қамтылып отыр.

Біз осы жолғы сайлау науқаны карантин шектеулеріне қарамастан қаншалықты қызу өткеніне куә болдық.

Кейбір партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттарға өтуіне сәл ғана дауыс жетпей қалды.

Олардың әрқайсысында белгілі бір саланы жетік меңгерген, білімді, білікті азаматтар да бар.

Солар Парламенттің биік мінберінен айтылуға тиіс көптеген өзекті мәселелерді дер кезінде әрі орынды көтеріп жүр.

Осындай партиялардың өкілдері Парламентке өтсе, ондағы пікірталасты қыздыра түсер еді, ортақ жұмысқа тиімді болар еді.

Олар заң шығару жұмысының сапасын арттыруға да сүбелі үлес қосары анық.

Сондықтан, саяси партиялардың Мәжіліске өту шегін 7-ден 5 пайызға төмендетуіміз керек. Осындай шешімді қабылдайтын уақыт келді, өйткені аталған норма заң жүзінде тіркелген партияларды алдағы сайлауларға қатысуға ынталандырады.

Сондай-ақ, елдегі саяси бәсекенің дамуына септігін тигізеді.

Бұл бастама мемлекеттік саясатты жүргізу үшін халықтың пікірін неғұрлым көбірек қамтып, ескеріп отыруға мүмкіндік береді.

Болашақта партия мүшелерінің тізімін және соған қатысты басқа да рәсімдерді онлайн форматта жасауға болады.

Осы мақсатта электрондық үкіметтің мүмкіндіктерін пайдаланған абзал.

Парламенттің заң шығарумен қатар бақылау функциясы да бар екенін білесіздер.

Оның тиімділігі халықаралық тәжірибеде дәлелденген.

Осы аса маңызды құзыретті тиімді пайдалану қазіргі заманғы Қазақстан парламентаризмінің институционалдық негізін едәуір орнықтырады.

Бұл менің "Күшті Президент – ықпалды Парламент – жауапты Үкімет" деп аталатын саяси формуламмен үндесіп жатыр.

Депутаттар халықтың мүддесін іс жүзінде қорғап, әрдайым табандылық танытуға тиіс.

